

## ЭТНОПЕДАГОГИКА

ӘОЖ 37.011.3

Б.Әбдікәрім<sup>1</sup>, Ж.Т.Сарыбекова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Қазақ аграрлық-техникалық университеті, Астана;

<sup>2</sup>Жамбыл гуманитарлық-техникалық университеті

### ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ АРҚЫЛЫ ҚЫЗ БАЛАЛАРЫН ТӘРБИЕЛЕУ НОБАЙЫ

*В статье рассматриваются особенности национальной дидактической традиции и современные методики обучения. Анализируются задачи воспитательного процесса, ориентированные на личность обучающегося и нацеленные на формирование необходимых профессиональных навыков, определяющих этапность и планомерность воспитательного процесса.*

*In this article the features of the national didactic tradition and the modern methods of teaching are considered. The purposes of the educational process oriented to the learner's personality and aimed to the formation of necessary professional skills, determining stages and regularity of educational process, are analysed.*

Ұлттық тәрбиенің зерттелуі мен жүзеге асуындағы басты әдіснамалық мәселенің бірі — жалпы адамзаттық және ұлттық ерекшеліктерді үйлестіріп отыру. Бұл мәселеде ұлттық шектелушілік дұрыс емес. Әрбір ұлттың қыз бала тәрбиелеуде ескіден келе жатқан жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып келе жатқандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, әр ұлттың қыз баласы өз ұлтының намысын ойлайтын болғандықтан, тәрбиеші қыз баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбиелеуге міндетті.

Қазақстанда жүзден астам ұлт өкілдері өмір сүруде. Ұлттық тәрбиенің қарама-қайшылығы мен қиындығының бір түйіні осында. Соған орай барлық ұлттың ар-ожданын тең құрметтей отырып, ортақ Отанымыздың рухын жан-жақты тереңдету тәрбиесі пайдалы. Бұл белгілі мерзімде жаңа оқу-тәрбие үдерісі арқылы қалыптасады. Сондықтан ұлттық тәрбиенің талап ететін өзіндік қажетті заңдылықтары бар.

Ендеше, ұлттық тәрбиенің аса қажетті кезеңі әрі оның іргетасын нығыздай түсудің көкейкестілігі де осымен байланысты. Ұлттық тәрбиенің топтастырылу жүйесіне келсек, бұл мәселе оның әдіснамалық негізділігіне тікелей қатысты. Оның қалыптасу табиғаты мен оған ықпал жасайтын тарихи-әлеуметтік, оқу-тәрбиелік т.б. факторларды анықтау басты талапқа жатады. Қазақстан Республикасында қазақ ұлтының ұлттық бірегейленуі жүріп жатқаны мәлім. Бұл тарихи міндетті жүзеге асыруға ұлттық тәрбие зор ықпал етеді. Ол үшін халқымыздың тарихи жетістігі мен мақтанышын арқау етіп, бүгінгі қоғам жағдайымен үйлестіре жүргізілген тәрбие ғана пәрменді болмақ.

Бүгінгі күні қыздарымызды қазақ халқының ұлттық дәстүрлері негізінде тәрбиелеудің заңды объективті қажеттігі туындады. Мұндай жағдайда қыз балаларымызды өз халқының рухани қазынасымен, оның ұлттық мәдениетімен, әдет-ғұрып дәстүрлерімен тереңірек танысу қажеттігі бірінші орында тұрады. Өйткені өз халқының ұлттық ерекшеліктерін сезбей, басқа халықтың өзіне тән ерекшеліктерімен салыстырмай, бағаламай өз рухани байлығын арттыру мүмкін емес. Тәрбиені ұйымдастырудағы сыртқы ұқсастықтарға қарап, тәрбие барлық халықтар үшін біртұтас деп айтуға себеп болмайды деген заңдылық осыдан туындайды.

Мектептердің бастауыш білім беру сатысынан бастап ұлттық тәлім-тәрбие берудің қайнар көзі — әдет-ғұрып, салт-дәстүр, жөн-жосық, жол-жоралғы сияқты этностық ерекшеліктеріміздің психологиялық мәнін зерттеп, өзіндік қайталанбас белгілерін, көлеңкелі жақтарын қалыптастыру бүгінгі күннің талабы болып отыр.

Салт-дәстүрлердің қоғамдағы маңызы жайлы біраз ғалымдардың (С.Қ.Қалиев, Қ.Жарықбаев, Ж.Наурызбай, К.Ж.Қожахметова, Қ.Қ.Шалғынбаева, Р.Дүйсембінова, С.С.Қоңырбаева) еңбегінде талданған [1–7]. Бұл ғалымдардың берген ғылыми бағалары, пайдалану жолдарына байланысты ұсыныстары біздің зерттеу еңбегіміз үшін маңызы зор.

Қазақ халқының дәстүрлері негізінде қыз баланың ұлттық келбетін қалыптастыру нобайын жасауда келесі қоғамдық талаптар ескерілді. Оларға:

– қоғамның қазіргі дағдарыстан шығу — жаңару мен даму кезеңінде болып жатқан саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік және т.б. өзгерістердің, ұрпақ тәрбиесіндегі жаңа бетбұрыстардың, білім және тәрбие беру жүйесінің ісін жаңа сатыға көтеру қажеттілігіне көңіл бөлу;

– қазіргі мектептің оқу-тәрбие үдерісінде қазақ халқының қыз тәрбиесіндегі тәжірибесін тәрбие құралы ретінде пайдалану арқылы оқушы қыздардың бірегей дүниетанымын, адамгершілік көзқарасын қалыптастыруды жүзеге асыру, халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін білуге үйрету, отбасының ұйытқысы, болашақ ана, ұлтының тұтқасы ретінде сезінуге тәрбиелеу;

– өркениетті қоғамға сай білімді, іскер, шығармашыл, өз еркімен жауапты шешім қабылдай алатын, оның салдарларын болжай білетін, ынтымақтастыққа икемді, белсенді, елінің тағдырына, салт-дәстүрлеріне, әдет-ғұрпына үлкен жауапкершілікпен қарайтын қыз тұлғасын тәрбиелеу.

Негізгі өлшемдер мен көрсеткіштерін анықтағанда қыз балалардың тәрбиелілігін қазақ халқының дәстүрлі тәрбиесі негізінде қалыптастырудың деңгейлерін, жас ерекшеліктерін, қазақ халқының салт-дәстүрінен хабардар болуын ескере отырып, еліміздің білім және тәрбие саласындағы талаптарын басшылыққа алып, қыз балалардың тәрбиелілігін қазақ халқының дәстүрлі тәрбие негізінде қалыптастырудың міндеттері мен мазмұнын, меңгеру жолдарын анықтау және қалыптастыруда тәрбие құралы ретінде пайдаланудың эксперимент жүйесін жасаудың маңызы ретінде қарастырдық.

Сондықтан біз қыз балаларды қазақ халқының дәстүрлі тәрбиесі негізінде тәрбиелеуді жоғарыда аталған қоғам талаптарын ескере отырып, тәрбиелеудің төрт компонентін бөліп алдық: танымдық, эмоционалды-мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік. Сонымен қатар осы компоненттерді анықтаудың өлшемдерін, көрсеткіштері мен деңгейлерін анықтадық. Негізгі өлшемдер мен көрсеткіштерін анықтағанда қазақ халық педагогикасының дәстүрлі қыздар тәрбиесі түрлері негізінде қалыптастырудың деңгейлерін, жас ерекшеліктерін, қазақ халқының салт-дәстүрінен хабардар болуын ескере отырып, еліміздің білім және тәрбие саласындағы талаптарын басшылыққа алып, қазақ халқының дәстүрлі қыздар тәрбиесі түрлері негізінде қалыптастырудың міндеттері мен мазмұнын, меңгеру жолдарын анықтау және қалыптастыруда тәрбие құралы ретінде пайдаланудың эксперимент жүйесін жасаудың маңызы ретінде қарастырдық. Қазақ халық педагогикасының дәстүрлі қыздар тәрбиесі түрлерін пайдалануға кәсіби даярлықты нығайтуды талап етеді. Олай болса, осы талапқа сай бағдармалар жасап, арнайы курстар мен әр түрлі жұмыс формаларын ұйымдастыру керек. Біз осы мәселелердің шешімін табу жолында, зерттеу кезеңінде, қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесінің нобайын (моделін) жасадық. Қазақ халық педагогикасының қыздарды тәрбиелеудегі дәстүрлі түрлері көп қырлы тәрбие үдерісі әр түрлі формалар мен әдіс-тәсілдердің көмегімен жүзеге асырылады. Қазақ халқының дәстүрлі тәрбие түрлері арқылы қыздардың ұлттық келбетін қалыптастыру моделі танымдық, эмоционалды-мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік компоненттердің бірлігінде байқалады және мынадай көрсеткіштермен, өлшемдермен сипатталады. Алдымен нобайды құрастыру үшін оның болжап отырған нәтижесінің бейнесін сипаттау қажет. Сондықтан осы нәтижені өлшейтін қазақ халқының дәстүрлі тәрбие түрлері арқылы қыздардың ұлттық келбетін қалыптастыруға қойылатын талаптарға сәйкес және ерекшеліктерін ескеру арқылы қазақ қызының ұлттық келбетін қалыптастырудың компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері анықталды (кестені қара).

**Танымдық компонент** қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесіне жағымды қарым-қатынасымен анықталады. Белгіленген компоненттің көрсеткіштері мыналар: қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесіне қызығушылығы; қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесін өз өмірінде қолдануға деген қажеттілік; қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесін бүгінгі күнге үйлестіріп, ұлттық намыс, ар-ұят, абырой-ождан туралы түсініктерін саралап, дамытудағы маңызын түсінуі; қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесін қолдануға талпынысы.

**Эмоционалды-мотивациялық компонент** қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесі бойынша білімдерінің жүйелілігі мен көлемділігінің бірлігінен құралады. Белгіленген компоненттің көрсеткіштері: қазақ халық педагогикасының қыздар тәрбиесі жайлы мазмұнын түсінуі, бір-бірінен ажырата алуы, сипаттама бере білуі; қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесінің мазмұнын

білуі; қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесі арқылы қыздар тәрбиесіне байланысты ұғымдарының қалыптасуы.

**Мазмұндық компонент** қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесі жайлы ойдың негізгі сапа-қасиеттерінің қалыптасуын көрсетеді. Бұл компоненттің көрсеткіштері: қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесі жайлы ойларды (талдау, жинақтау және т.б.) меңгеруі; қазақ халық педагогикасындағы арқылы танымдық үдерістерінің (түйсік, қабылдау, зейін, ес, ойлау) дамуы; қазақ халық педагогикасындағы қыздардың тәрбиелілігінің тереңдігінің, тұрақтылығының, саналылығының, дербестілігінің қалыптасуы.

**Іс-әрекеттік компонент** қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесі саласынан адамгершілік қарым-қатынастық дағдысы, ұлттық мінез-құлықтың қалыптасуынан тұрады. Бұл компоненттің көрсеткіштері: қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесі жолдары мен тәсілдерін меңгеруі; қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесінің мазмұнын өзгелерге насихаттап, жеткізе білуі; қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесінің адамгершілік қарым-қатынастағы құндылығына баға бере білуі, ұлттық мінез-құлықтың көрінуі. Сонымен қатар қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесі бойынша оқушы қыздардың білім деңгейлері де анықталған.

**Танымдық компонент** бойынша өлшемдерінің жоғары деңгейлерінің көрсеткіштері: қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесіне қызығушылығы байқалады, қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесін өз өмірінде қолдануға деген қажеттілігі қалыптасқан, қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесін бүгінгі күнге үйлестіріп, ұлттық намыс, ар-ұят, абырой-ождан туралы түсініктерін саралап, дамытудағы маңызын түсінуі; қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесін қолдануға талпынысы белсенді, орта деңгейлерінің көрсеткіштері: қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесіне деген қызығушылығы кейде байқалады, қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесіне деген қажеттілігі ішінара, қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесін бүгінгі күнге лайықтап дамытудағы маңызын түсінеді, қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесін қолдануға талпынады; төмен деңгейдің көрсеткіштері: қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесіне қызығушылығы байқалмайды, қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесіне деген қажеттілігі нашар, қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесін бүгінгі күнге лайықтап дамытудағы маңызын түсінбейді, қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесін қолдануға талпынбайды.

**Эмоционалды-мотивациялық компонент** бойынша жоғары деңгейдің көрсеткіштері: қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесінің мазмұнын терең түсінеді, бір-бірінен нақты ажырата алады, қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесінің жолдары мен тәсілдерін жетік біледі, қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесі арқылы қыздар тәрбиесі жайлы ұғымдары толық қалыптасқан, қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесінің мазмұнын жетік біледі; орта деңгейдің көрсеткіштері: қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесін түсінуі үстірт, бір-бірінен ажыратуда шатасады, қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесінің құралдары мен тәсілдерінің кейбіреулерін ғана біледі; қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесі арқылы қыздар тәрбиесіне байланысты ұғымдарының қалыптасуы жеткіліксіз; қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесінің мазмұны жөніндегі мағлұматтары шамалы; төменгі деңгейдің көрсеткіштері: қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесін терең түсінбейді, бір-бірінен ажырата алмайды; қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесі жолдары мен тәсілдерінен хабарсыз; қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесі арқылы қыздар тәрбиесі жайлы ұғымдары қалыптаспаған; қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесінің мазмұнын білмейді.

**Мазмұндық компонент** бойынша жоғары деңгейдің көрсеткіштері: қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесі арқылы танымдық үдерістердің дамуы бірқалыпты; қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесі арқылы қыздар тәрбиелілігінің тереңдігі, тұрақтылығы, саналылығы, дербестілігі қалыптасқан; қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесі арқылы іс-әрекеттерінің тәсілдерін жетік меңгерген; орта деңгейдің көрсеткіштері: қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесі арқылы танымдық үдерістердің дамуы біркелкі емес; қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесі арқылы қыздар тәрбиелілігінің тереңдігі, тұрақтылығы, саналылығы, дербестілігі қалыптасуы жеткілікті емес; қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесі арқылы іс-әрекеттері тәсілдерінің кейбіреулерін меңгерген; төмен деңгейдің көрсеткіштері: қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесі арқылы танымдық процестердің дамуы нашар; қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесі арқылы қыздар тәрбиелілігінің тереңдігі, тұрақтылығы, саналылығы, дербестілігі қалыптаспаған; қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесі арқылы іс-әрекеттерінің тәсілдерін меңгермеген.


**Қазақ халқының дәстүрлі тәрбие түрлері арқылы қыздардың ұлттық келбетін қалыптастырудың компоненттері, өлшемдері және көрсеткіштері**

Компоненттер	Өлшемдер	Көрсеткіштер
Танымдық	Қазақ халқының дәстүрлі тәрбие түрлері арқылы қыздардың ұлттық келбетін қалыптастыруға жағымды қарым-қатынасы. Ұлттық дәстүрлер жайлы білімдері	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесіне қызығушылығы;</li> <li>- қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесін өз тәжірибесінде қолдануға деген қажеттілігі;</li> <li>- қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесі маңызын түсінуі;</li> <li>- қазақ халық педагогикасындағы ұлттық намыс, ар-ұят, абырой-ождан туралы түсініктің болуы;</li> <li>- қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесін қолдануға талпынысы</li> </ul>
Эмоционалды-мотивациялық	Қазақ халқының дәстүрлі тәрбие түрлері арқылы қыздардың ұлттық келбетін қалыптастырудағы сапалық қасиеттерінің қалыптасуы	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесінің мазмұнын түсінуі, дәстүрлерді ажырата алуы, сипаттама бере білуі;</li> <li>- қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесінің мазмұнын білуі;</li> <li>- қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесі арқылы қыздар тәрбиесіне байланысты ұғымдарының қалыптасуы</li> </ul>
Мазмұндық	Қазақ халқының дәстүрлі тәрбие түрлері арқылы қыздардың ұлттық келбетін қалыптастырудағы саласынан білімдерінің жүйелілігі мен көлемділігі	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесі арқылы танымдық үдерістерінің (түйсік, қабылдау, зейін, ес, ойлау) дамуы;</li> <li>- қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесі арқылы қыздар тәрбиелілігінің тереңдігінің, тұрақтылығының, саналылығының, дербестілігінің қалыптасуы</li> </ul>
Іс-әрекеттік	Қазақ халқының дәстүрлі тәрбие түрлері арқылы қыздардың ұлттық келбетін қалыптастырудағы саласынан адамгершілік қарым-қатынастық дағдысы, ұлттық мінез-құлықтың қалыптасуы	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесінің құралдары мен тәсілдерін меңгеруі;</li> <li>- қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесінің мазмұнын өзгелерге насихаттап, жеткізе білуі;</li> <li>- қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесінің адамгершілік қарым-қатынастағы құндылығына баға бере білуі, ұлттық мінез-құлықтың көрінуі</li> </ul>

**Іс-әрекеттік компонент** бойынша жоғарғы деңгейдің көрсеткіштері: қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесінің құралдары мен тәсілдерін жетік меңгерген; қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесінің мазмұнын өзгелерге насихаттауда, жеткізуде белсенділік танытады; қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесінің адамгершілік қарым-қатынастағы құндылығына баға береді; ұлттық мінез-құлық бар; орта деңгейдің көрсеткіштері: қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесінің құралдары мен тәсілдерінің кейбіреулерін меңгерген; қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесінің мазмұнын өзгелерге жеткізуге талпынады; қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесінің адамгершілік қарым-қатынастағы құндылығына баға бере алады; ұлттық мінез-құлықтың көрінісі бар; қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесін өз бетінше мұғалімнің көмегімен қолдана алады; төменгі деңгей көрсеткіштері: қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесінің құралдары мен тәсілдерін меңгермеген, қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесінің мазмұнын насихаттауды, жеткізуді қажет емес деп санайды,

қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесінің адамгершілік қарым-қатынастағы құндылығына баға бере алмайды; ұлттық мінез-құлықтың көрінісі жоқ; қазақ халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесін өз бетінше қолдана алмайды.

Көрсетілген өлшемдер қазақ қызының ұлттық келбетін қалыптастыру үдерісінің нәтижесін анықтауға мүмкіндік береді. Сондықтан осы үдерістің бір құрылымдық компоненті ретінде қарастыра отырып, қазақ халқының дәстүрлі тәрбие түрлері арқылы қыздардың ұлттық келбетін қалыптастырудың нобайы құрылды (сур. қара).



Қазақ қызына сай ұлттық келбеті қалыптасқан, ана тілін терең білетін, ата-тегі, адалдығы мен пәктігі бойына дарыған, өз ұлты мен жалпыадамзаттық құндылықтарын игерген, ұлттық дәстүрлі тәрбие түрлерін жете меңгерген қыз тұлғасы

Сур. Қазақ қызының ұлттық келбетін қалыптастыру нобайы

Суретке сәйкес қазақ халқының дәстүрлі тәрбие түрлері арқылы қазақ қызының ұлттық келбетін қалыптастырудың мақсатын жүзеге асыра отырып, білім беру жүйесінде қазақ қызының ұлттық келбетін қалыптастырудың жүйесін құрастыру негізгі міндет болып табылады. Бұл міндет қазақ халқының дәстүрлі тәрбие түрлері арқылы қазақ қызының ұлттық келбетін қалыптастырудың төрт компонентін жүзеге асыруды көздейді.

Ғылыми негіздерден қазақ қыздарының ұлттық келбеті қаланады. Сонымен бұл нобай қазақ қызының ұлттық келбетін қалыптастыруды айқындауға жол ашады. Демек, қазақ халқының дәстүрлі тәрбие түрлері арқылы қыздардың ұлттық келбетін қалыптастырудың нобайы қыздардың табиғатпен біртұтастық сезімін ұштауға, дәстүрлерден тағылымдық алу шеберлігін шыңдауға менгерген тәрбиесінен рухани құндылықтарды игеруіне мүмкіндіктер береді.

Бұл нобайда қазақ халқының дәстүрлі тәрбие түрлері арқылы қыздардың ұлттық келбетін қалыптастырудың бүгінгімен жалғасуын ескеру қажеттілігі зерттеу барысында байқалды. Мұнымен бірге оның қағидасын, адамның өзін-өзі тануын, рухани құндылықтарды қалыптастыруын, имандылығының терең болуын қамтамасыз етуіне рөлі ашылды.

Нобайдан шығарар қорытындымыз:

- қыз тәрбиесіне байланысты дәстүр, салт, әдет-ғұрыптардың жаңаруы;
- халық санасында сақталған қыз тәрбиесінің озық дәстүр, салт-ғұрыптардың қайта жаңғырығуы;
- қазақ халқының дәстүрлі тәрбие түрлері арқылы қыздардың ұлттық келбетін қалыптастыру амалының сұрыпталуы.

Қазақ халқының дәстүрлі тәрбие түрлері арқылы қыздардың ұлттық келбетін қалыптастыру нобайы оның даму тарихына байланысты құрылды.

Қазақ халқының дәстүрлі тәрбие түрлері арқылы қыздардың ұлттық келбетін қалыптастыру толыққанды тәжірибеде қолдану мақсатында біздер тәрбие үдерісіндегі ұлттық келбетті құрдық. Ата-ана баласын өнегелі сөзімен, жеке басының үлгісімен тәрбиелейді. Оның азаматтық келбеті, мінез-құлқы отбасындағы жандардың күшті ықпалымен қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балада үлкендердің сөзіне, қылығына, іс-әрекетіне електеушілік басым. Қазақ халқы қыз бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Тәрбие тірегі — халық мұрасы. Өйткені халықтық педагогика — белгілі бір ұлт өкілдерінің, әдебиеттің, мәдениеттің т.б. ежелден жинақталған, толығынан сақталған келер ұрпаққа қалдырған бай қазынасы. Бұны жас ұрпаққа жеткізу, әдет-ғұрып, салт-дәстүрді жаңғыртып, үздіксіз білім беру жүйесінде қыз балалардың бойында қалыптастырып тәрбиелеу — тәрбие саласындағы қызметкерлердің міндеті.

Қорыта келгенде, халықтардың кәсібіне, сенім-нанымына, тіршілігіне байланысты қалыптасқан, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын салт-дәстүрдің әр адам өмірінде алатын орны ерекше. Себебі бізге туғаннан бастап ұлттық рәсімдер, салт-дәстүрлер арқылы ұлттық тәрбиені бойымызға қалыптастырады. Халқымыз «Бала тәрбиесі бесіктен басталады» дейді. Сондықтан білім беру жүйесінде қыздардың ұлттық келбетін қалыптастыру қажет. Оның өзі ана тілін білу, үйрену арқылы жүзеге асырылады. Өйткені ана тілі арқылы ғана адам өз халқының мәдениетіне, тарихына, дәстүріне ұмтылады, ұлттық мінез-құлық пен ой-қабілет ерекшелігін бойына сіңіреді.

Қазақ халқының дәстүрлі тәрбие түрлері арқылы болашақта қазақ қызының ұлттық келбетін сақтау және оның уақыт пен кеңістігіне үндес дамып отыру үдерісін тарихи сананың негізінде іске асыру деп түсінеміз. Н.Ә.Назарбаевтың «тамыры жоқ болашақ ұлттық сипатты жойып, дүбәралық күйге ұшыратады» деген [8] философиялық түйінінен байқаймыз.

Сондықтан да қазақ халқының дәстүрлі тәрбие түрлері арқылы қыздар тәрбиесін қалыптастыруды өңдеу қазақ қызының ұлттық келбетін қалыптастыру жөнінде жұмыстың мақсаты, міндеттері, мазмұны, формасы, әдістерін, құралдарын анықтауға мүмкіндік береді. Қазақ қызының ұлттық келбетін қалыптастыруда келесі **нәтижеге** қол жеткізуді болжаймыз: *қазақ қызына сай ұлттық келбеті қалыптасқан, ана тілін терең білетін, ата-тегі, адалдығы мен пәктігі бойына дарыған, өз ұлты мен жалпыадамзаттық құндылықтарын игерген, ұлттық дәстүрлі тәрбие түрлерін жете меңгерген қыз тұлғасы.*

Тұтас педагогикалық үдерістің өзіне тән компоненттері бар. Олар оқыту мен тәрбиенің мақсаты, мазмұны формалары мен әдістері, сонымен қатар нәтижесі. Бұл компоненттер бір-бірімен тікелей байланысты түрде іске асырылады, демек, педагогикалық үдеріс сонда ғана татымды нәтиже беретіні белгілі.

Біз нобай құру барысында тәрбие үдерісінің ерекшеліктеріне де сүйендік. Тәрбие үдерісі — күрделі динамикалық жүйе. Қазіргі теориялық педагогикада тәрбие үдерісі жүйесінің төмендегідей өлшемдер бойынша құрылған нобайы белгілі: тәрбие үдерісінің мақсаты мен міндеттері, мазмұны,

үдерістің жүру шарттары, тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің өзара іс-әрекеті, қолданылатын әдістер, формалардың, үдерістің даму сатыларының, т.б. өзара байланысында.

Демек, қазақ халқының дәстүрлі тәрбие түрлері арқылы қыздардың ұлттық келбетін қалыптастыруға жасалған нобай негізінде қазақ қызының ұлттық келбетін тәрбиелеудің нәтижелі болуы тәрбие үдерісінің бірте-бірте өзін-өзі тәрбиелеу үдерісіне ұласуына байланысты болатындығын есепке алу маңызды.

#### Әдебиеттер тізімі

1. *Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С.Қ.* Қазақ тәлім-тәрбиесі: Оқу құралы. — Алматы: Санат, 1995. — 352-б.
2. *Наурызбай Ж.Ж.* Научно-педагогические основы этнокультурного образования школьников: Автореф. дис. ... д-ра пед. наук. — Алматы, 1997. — 45 с.
3. *Кожаметова К.Ж.* Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. — Алматы: Ғылым, 1998. — 317 с.
4. *Шалғынбаева Қ.* Қазақ халық педагогикасындағы еңбек тәрбиесі: Пед. ғыл. д-ры ... дис. — Алматы, 2006. — 265-б.
5. *Ұзақбаева С.А.* Халықтық педагогикадағы эстетикалық тәрбие: Пед. ғыл. д-ры ... дис. автореф. — Алматы, 1993. — 46 с.
6. *Дүйсембінова Р.Қ.* Қазақ этнопедагогикасын оқу-тәрбие процесіне ендірудің ғылыми-педагогикалық негіздері: Пед. ғыл. д-ры ... дис. — Алматы, 2001. — 321-б.
7. *Қоңырбаева С.* Жоғары сынып оқушыларын отбасылық өмірге этномәдени құндылықтар негізінде даярлаудың педагогикалық шарттары. — Алматы, 2008. — 153-б.
8. *Назарбаев Н.Ә.* Қазақстан–2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. — Алматы, 1997. — 24-б.

УДК 159.9.07

А.Б.Түлебаева, Р.Т.Алимбаева

Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова

#### ИССЛЕДОВАНИЕ ИНДИВИДУАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИХ ОСОБЕННОСТЕЙ ЛИЧНОСТИ РЕБЕНКА, ВОСПИТЫВАЮЩЕГОСЯ В «АЛКОГОЛЬНОЙ СЕМЬЕ»

*Мақалада қатынастар жүйесіндегі тәуелденушілік және «алкоголдық отбасында» тәрбиеленіп жүрген баланың психологиялық ерекшеліктері бойынша теоретикалық қайнар көздер қарастырылып, талданды, сондай-ақ есірткелік тәуелділіктің пайда болуындағы отбасының ролін зерттеуге бағытталған эмпирикалық зерттеу нәтижелері ұсынылған. Алынған қорытындылар нақтылауды қажет етеді, яғни тәуелденушіліктің психологиялық мәселесі жоғары ғылыми деңгейде зерттелуі керек.*

*In the given work results of the review and the analysis of theoretical sources on a problem sozavisimost in system of intrafamily attitudes, and also results the research directed on studying of a role of family in occurrence of narcotic dependence are resulted. The general conclusions following from carried out research require a concrete definition: in research of psychological problems sozavisimost at higher scientific level.*

Проблемой алкоголизма интересуются не только медики, исследователи, но и психологи, и это вполне понятно, так как злоупотребление спиртными напитками наносит ущерб не только самому пьющему, увеличивая риск возникновения у него несчастного случая, тяжёлого заболевания внутренних органов и нервной системы, снижения интеллекта и деградации личности и, в конечном итоге, преждевременной смерти, но и наносит значительный ущерб семье и окружающим его людям. Совместная жизнь с больным алкоголизмом приводит к характерологическим сдвигам у окружающих, комплекс которых обозначается термином «созависимость». Созависимыми могут быть как жёны, так и любые другие члены семьи больного и даже его близкие друзья. Сам больной зависит от алкоголя, а близкий человек, вместе с ним проживающий, зависит от состояния больного. Вообще единой и всеобъемлющей дефиниции созависимости не существует, например, Пятницкая расценивает её как нарушение личности, а другие психологи считают её болезнью, течение и исход которой предсказуемы [1].

На данный момент точное число детей, живущих в семье с одним или двумя больными алкоголизмом родителями неизвестно, однако есть основания полагать, что оно очень велико.